

БЕКІТЕМІН

Мектеп меңгерушісі: Ж.С. Шалабаева

«29» тамыз 2022ж

**2022-2023 оқу жылына арналған мектепалды даярлық
сыныбының
перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Миялы БББМ

Топ/сынып: Мектепалды даярлық сыныбы

Тәрбиеші: Турекешова Ж.М.

Балалардың жасы: 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	-Тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру; -Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру -қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды үйрету, -негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту; -Жалпы дамытушы жаттығулар. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу, қол саусақтарын айкастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з, с – з, ж – ш, н – ң, х – һ дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету; -дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру; -берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету.
	Көркем әдебиет	-оқу, әңгімелеу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. -Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, - балаларды театр мәдениетіне баулу. - балалардың театр ойындарына оң көзқарастарын;
	Сауат ашу негіздері	- "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. -қолды жазуға дайындау.

		<p>-Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>-балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету</p> <p>-Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
Қазақ тілі		<p>- Тындау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру,</p> <p>-диалог түрінде сөйлеуге үйрету.</p> <p>-Негізгі ойды дұрыс жеткізуге үйрету,</p> <p>-монологтық ойларын байланыстырып құра білуге,</p> <p>-әңгімені бірізді және нақты айтуға үйрету</p> <p>- шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету;</p>
Математика негіздері		<p>Жиын.</p> <p>-Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.</p> <p>- "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.</p> <p>- Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру</p>
Қоршаған ортамен танысу		<p>-Мектеп қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін нақтылау, оған сыйластықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу</p> <p>-Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>-Отбасының ересек және кіші мүшелеріне сыйластықпен және қамқорлықпен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</p> <p>-Отбасындағы сүйікті аламдары, отбасылық мерекелері, дәстүрлері туралы өздігінен әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Балаларды отбасылық мерекелер мен салтанаттарға даярлыққа қатысуға баулу</p>
Құрастыру		<p>-Ірі және ұсақ құрылыс материалдарымен құрастыру.</p> <p>-Кірпіштерді, пластиналарды тігінен және көлденең орналастыра отырып, бөлшектерді бекіту, қолдану әдістерін қолдану.</p>
Сурет салу		<p>Заттық сурет салу:</p> <p>-балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер,</p> <p>-көкөністер сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>-жемістер сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру</p>

	-ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	-балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге; -қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету; -көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.
Жапсыру	-Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: -жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, - шаршыларды үшбұрышты етіп қию, -шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.
Музыка	-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету - аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; - Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру. - балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Милы БББМ
 Топ/сынып: Мектепалды даярлық сыныбы
 Тәрбиеші: Түрекешова Ж.М.
 Балалардың жасы: 5 жастан бастап
 Жоспардың құрылу кезеңі: ҚАЗАН айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. - Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру - Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; - Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. - Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; - Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру - Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру - Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.
	Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. - Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. - Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият

	тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> -Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету -Әдеби шығармалардың мазмұнын түсіну - шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту - Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Сауат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу - Сөздерді дыбыстық талдау - Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау - Жазу парағында бағдарлай білу - Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру - Жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. -Сөздерді буындарға бөлу -Буындардың саны мен ретін анықтау. -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту, - Қазақ тіліне тән ә, ө, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны -Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру -Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. -Шағын өлеңдер жаттау -Санамақтар жаттау
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру -«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. -Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды

	<p>дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) -Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. -Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау -Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау -Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.
Қоршаған ортамен танысу	<ul style="list-style-type: none"> -Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. -Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, -Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. -Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. -Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдыкталуын түсіну, -ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> -Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, -бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны қолдану. -Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> -Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), -қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. -Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> -Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. -Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу. -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). -Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> -Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты

		<p>пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию. - Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін) қолдану. - Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
	Музыка	<p>-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату;</p> <p>-музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шенберде айтылатын әндермен шенберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Милы БББМ
 Топ/сынып: Мектепалды даярлық сыныбы
 Тәрбиеші: Турекешова Ж.М.
 Балалардың жасы: 5 жастан бастап
 Жоспардың құрылу кезені: Қараша айы 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	- Танертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту - Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру - Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу - Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қашықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру - Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. - Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. - Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту	- Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. - Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау
	Көркем әдебиет	- Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. - Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. - Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, - Себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, -тілдің

	көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау
Сауат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), -Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. -Сөйлемді ауызша талдау: -Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, -Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. -Берілген сөзге сөйлем құрастыру
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән к, ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру -Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. -Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық туралы айтуға баулу. -Отбасылық мерекелер туралы айтуға баулу. -Салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> -10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік шығару -Саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. -Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу -Заттарды шамасына қарай осы және кему ретімен орналастыру. -Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. -Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. -Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру -Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу
Қоршаған ортамен танысу	<ul style="list-style-type: none"> -Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. -Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. -Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, -Үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. -Туған өлке, ел, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.

		- Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.
Құрастыру		-Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру; -Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыру -- Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. - Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
Сурет салу		-Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, -Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады) -Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). -Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
Мүсіндеу		-Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу -Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. -Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. -Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру		-Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу -Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.
Музыка		-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету.